

Бекітемін:

№ 29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:

А.И.Хожамуратова

Тақырыбы: «Ертегілер елінде»

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Қазақ тілі пән мұғалімі: Ильясова:Л.Т

Өтілетін күні: 28.04.2022 ж



Шымкент 2022

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Тобы: «Қарлығаш» ересек орыс тобы

Білім аумағы: Қатынас.Тіл дамыту.Денсаулық.Шығармашылық.

Білім саласы: Қазақ тілі.

Тақырыбы: «Ертегілер елінде»

Өтілетін күні: 28.04.2022 жыл

Мақсаты: Баланың тіл байлығын дамыту, сөздік қорын молайту. Қазақ тілді үйренуге, түсінуге және оны ықыласпен тындауға деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыру.

Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту.Ертегі арқылы қиял-ғажайып ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту ,сөздік қорларын молайту. Қазақ тіліне деген құрмет пен қызығушылыққа тәрбиелеу .

Міндеті: Балаларды театрландырылған ойындарды ойнауға үйрету.

Кейіпкерлердің мінез-құлқын, эмоциялық жай-күйін, дауыс ырғағын мәнерлілігі арқылы көрсете білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Ұй, бақша, шалқан, күн, ертегі кейіпкерлері.

Алдын-ала жұмыстар: Балалармен әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Билингвалдық компоненттер: репка-шалқан, комар-маса, щенок-күшік, зеленый-жасыл, желтый-сары.

Инклюзивтік әлеумет: Муслима мен Платонды әңгімеге тарту, дұрыс сөйлеуін қадағалау.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық - қозғаушы	Сәлеметсіздерме балалар! Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? Ендеше сендермен қызыққа толы Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді бастаймыз . Бүгін бізге қонақтар келді. Олармен амандасып, қарсы алайық. Балалар сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Арайланып таң атты, Алтын сәуле таратты,	Балалар шеңберге жиналып, тілек шеңберін айтады.

	Жарқырайды балабақшамыз. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар!	
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Ғажайып сәт: (Музыка ойнап тұрады) - Сәлеметсіңдер ме балалар! - Балалар сендер мені таныдыңдар ма? - Ия, ал сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? Ендеше ертегілер еліне қош келдіңдер. Бірақ маған сендердің көмектерің қажет. Мен сиқырлы таяқшамды үш рет сермеген кезде ертегі кейіпкерлері осында болады. Балалар бұл қайсы ертегінің кейіпкерлері екен? Ия бұл «Шалқан» ертегісі. Ал, осы, «Шалқан» ертегісі балалар, тұрмыс — салт туралы ертегі екен. «Шалқан» орамжапырақ тұқымдасына жататын екі жылдық көкөніс. Шалқанның түсі ақ немесе сары болады екен. Шалқанның құрамында ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар. Емдік қасиеті де бар. Енді балалар осы «Шалқан ертегісін» кейіптендіріп берейікші. Ертегіші: Ерте ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде шал мен кемпір болыпты. Бір күні атай шалқан екті де: Ертегіші: Күндерден күн өтті, айлардан ай өтті. Шалқан өте үлкен, мықты болып өсті. Атай	әрине осы кезде ертегі кейіпкерлері шығады бұл «Шалқан» ертегісі. Шалқан- екі жылдық көкөніс Шалқанның түсі ақ немесе сары болады ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар Атай: — Өс, шалқаным, тәтті боп өс! Өс, шалқаным, мықты боп өс!

шалқанды әрі тартқылайды, бері тартқылайды, жұлып ала алмайды. Сөйтіп атай көмекке әжейді шақырады.

Ертегіші: Әжей атайдан, атай шалқаннан тартып, жұлып ала алмайды.

Ертегіші: Сөйтіп көмекке қызын шақырады. Қызы әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап тартады. Алайда еш нәтиже болмайды.

Ертегіші: Қызы көмекке күшігін шақырады. Күшігі қыздан, қыз әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап тартқылайды. Бірақ тағы да жұлып ала алмайды.

Ертегіші: Күшік мысығын шақырады. Мысық күшіктен, күшік қыздан, қыз әжейден, әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап әрі тартқылайды, бері тартқылайды. Тағы жұлып ала алмайды.

Ертегіші: Барлығы бірге шалқанды тартады. Сол кезде шалқанды жерден жұлып алады. Әжей шалқанды қосып тамақ пісіреді. Бәрі дәмді тағамнан ауыз тиеді. Тышқан тамақты жеп отырып, былай дейді.

- Жарайсындар, балалар! Сендерге ертегі ұнады ма?

Ал енді, балалар, ертегіміздің кейіпкерлерін есте сақтау үшін, үстел үстіндегі сурет бөлшектерінен кейіпкерімізді

Әжей: Мен көмекке келдім. **Әжей:** — Атасы, екеуіміздің осыған күшіміз жетпейтін сияқты. Көмекке қызымызды шақырайық.

Қызы: — Бізге көмекке тағы біреу керек сияқты. Мен күшігімді шақырайын.

Аффф-Аффф! көмекке күшігі келеді

Күшік: Қанеки, біз көмекке мысықты шақырайық. Мысығым, мысығым келіп бізге көмектес. МЯУ-МЯУ-МЯУ! көмекке мысығы келеді

Мысық: — Менің ойымша бізге тағы да көмек керек сияқты. Тышқан, тышқан бізге көмектесші. ШИХ-ШИХ-ШИХ! көмекке тышқан келеді

Тышқан: — Бұл тағам өте дәмді екен. Егер келесі жолы тағы көмегім керек болса шақырыңда

Балалар қуанышпен ертегінің ұнағанын білдірді.

	құрастырайық. Ал, бір-екі бала iPad-пен сүйікті ертегі кейіпкерлерін құрастырады.	Балалар қызыға, тандана келісті.
Рефлексивті-қозғаушы	ҰОӘ сендерге несімен ұнады? Балалар қандай ертегіні ойнады? Қай кейіпкер ерекше ұнады? Кім қандай кейіпкерді құрастырды?	Балалар белсене қызығушылықпен құрастырады. Балалар өз ойларымен бөлісті.

Білуі қажет: Сұраққа жауап беруі қажет, дыбыстарды анық айта білуі, іс-әрекетті орындай білуі қажет.

Қалыптасқан түсініктер: Бір-біріне көмек беру.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»

Орындаушылық қабілеті: Рольге ене білу, өлеңдерді мәнерлеп айту, ойларын толық жеткізе білу, суретке қарап жұмыс жасау, бөлшек суреттерді құрастыра білу.



